

БАҒДАР

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жоғары техникалық және гуманитарлық білім берудің екі үлкен мектебінен құралады. Оқу ордасы егеменді еліміздің экономикасына қажетті кадрларды даярлау жолында еселі еңбек етіп келеді. Соның ішінде «Философия» кафедрасы білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру жолында, өнірдің және елдің экономикасы, әлеуметтік басым салаларын ғылыммен қамтамасыз етуде үлкен жұмыстар атқарып жатыр.

БАСТЫ ТАЛАП – БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ

«Философия» кафедрасының тарихы 1943 жылдан бастауын алады. Сол жылы жаңадан құрылған Чимкент технологиялық институтында қоғамдық пәндер кафедрасы ашылған. 1960 жылы қоғамдық пәндер кафедрасынан «Философия және ғылыми коммунизм» кафедрасы бөлініп шығады, ол 1965 жылға дейін қызмет етеді. 1965 жылы «Марксік-лениндік философия» кафедрасы дербес кафедрага айналады, ал оның бірінші менгерушісі философиялық ғылымдарының кандидаты доцент Н.Қалшабеков болды.

1980 жылға дейін кафедраны философия ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.И. Абласанов басқарды. Оның басқарған жылдарында В.Н. Шутова, А.Т. Косеубаев, С.К. Даuletiaров кандидаттық диссертацияны қорғауларына байланысты кафедра профессорлық-окы-

тушы құрамының сапасы арта түсті.

2002 жылдан бастап мемлекеттік лицензия негізінде кафедрада «6М020100 – Философия мамандығы» бойынша магистранттар оқытылады. Осы уақытқа дейін жиырмаға жуық магистр шықты.

2011 жылдың мамыр айында доцент Т.Сулейменов Астана қаласында еткен «Дарынды ұстаз» республикалық байқауда «Гуманитарлық пәндер» номинациясы бойынша 1 орынға ие болды.

2013-2017 жыл аралығында профессор, философия ғылымдарының докторы Н.Мұсаева «2016 жылдың үздік профессоры» атағын, ал аға оқытушы, философия ғылымдарының кандидаты А.Шалдарбекова «2016 жылдың үздік кураторы» атағын алып кафедра мэртебесін көтерді. 2017-2018 оку жылының басында «Филосо-

фия» және «Саясаттану» кафедралары біріктіріліп, ол «Философия және мәдениеттану» кафедрасы деп аталды. Оған тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М.Жұмабеков жетекшілік етеді. Оның жетекшілігімен кафедра алдында түрган тапсырмаларды орындауга барлық күшін салды. Кафедрада 2018 жылдан бастап, «6В02210-Философия» және «6В03120 – Саясаттану бакалавр» соынымен қатар «7М03120 – Саясаттану магистратура» мамандары даярланып келеді. 2020 жылдан бастап кафедраның атауы «Философия және саясаттану» болып өзгертілді.

Бұғынгі күні кафедра студенттері өнірлік, халықаралық олимпиадалар, ғылыми конференцияларға қатысып, үлкен жетістіктерге жетті. Бұл үрдіс болашақта да өз жалғасын табады деп сенеміз.

**Н.БАЛТАБАЕВ,
«Философия»
кафедрасының
ага оқытушысы,
философия
ғылымдарының
магистрі**